

**«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес
компаниясы» акционерлік қоғамы**

**«Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
«Халық-Life» еншілес компаниясы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілді
(2018 жылғы «13» шілдедегі
№ 47 отырыс хаттамасы)**

**Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде
оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру қағидасы**

**Бұл электрондық көшірме тек ақпарат үшін қолданылады.
Құжаттың бұл басылымы 06.05.2021 жылдан бастап қолданыстан шығарылды.**

Алматы қаласы, 2018 жыл

1-бап. Жалпы ереже

1.1. Осы Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру қағидасы (бұдан әрі мәтін бойынша – Қағида) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – Міндетті сақтандыру туралы заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – сақтандыру шарттары) жасасу тәртібін айқындайды.

1.2. Сақтандыру шартындағы Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы, оның осы Қағидамен толық келісетіндігінің растауы болып табылады.

1.3. Терминдер мен анықтамалар:

- 1) **Сақтандырушы** – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы.
- 2) **Сақтанушы** – сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші.
- 3) **Сақтандырылушы** – Сақтанушының қызметкері.
- 4) **Пайда алушы** – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алатын тұлға.
- 5) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
- 6) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде, сақтандыру жағдайы орын алған кезде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.
- 7) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы орын алған кезде, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.
- 8) **Сақтандыру жағдайы** – қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсері нәтижесінде орын алған, салдарынан қызметкердің өндірістік жарақат алуы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы, Қағиданың 11-бабында көзделген жағдайларда оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге немесе қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиға.
- 9) **Сақтандыру шарты** – құжат, оған сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 10) **Аннуитеттік сақтандыру шарты** (бұдан әрі – аннуитет шарты) – сақтандыру шарты, Сақтандырушы оған сәйкес, шартта белгіленген мерзім ішінде Пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
- 11) **Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган** (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы.
- 12) **Кәсіптік еңбекке қабілеттілік** - қызметкердің белгілі бір біліктілік, көлемдегі және сападағы жұмысты орындауға қабілеттілігі.
- 13) **Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі** – қызметкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау қабілетінің төмендеу деңгейі.
- 14) **Кәсіптік тәуекел сыныбы** – өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан деңгейі;

15) **Қызметкерді жазатайым оқиғадан сақтандыру** – еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлдіктік мүдделерін қорғау бойынша қатынастар кешені.

16) **Сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығының қатысушылары арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға.

2-бап. Сақтандыру объектісі

2.1. **Қызметкерге** кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге немесе оның қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиға салдарынан, оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлдіктік мүддесі қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (бұдан әрі - қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру) объектісі болып табылады.

3-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі

3.1. Сақтандыру шарты, сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

3.2. Қағиданың 3.4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

3.3. Сақтандыру шарты сақтандырудың бүкіл мерзімі ішінде қолданылады және бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша өзінің қолданылуын тоқтатпайды.

3.4. Жұмыс беруші қызметін он екі айдан аз мерзімде жүзеге асырған жағдайда, сақтандыру шарты осы қызмет жүзеге асырылған мерзімге жасалады.

3.5. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының кезеңі сақтандыру шартының қолданылу кезеңіне сәйкес келеді.

4-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

4.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініші негізінде жасалады.

4.2. Сақтандырушы Сақтанушы ұсынған деректер негізінде сақтандыру сомасының мөлшерін айқындайды.

4.3. Электрондық өтініш беру арқылы жасалған сақтандыру шартына Сақтанушы мен Сақтандырушының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы қол қойылады.

4.4. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалуы тиіс. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады.

4.5. Қағидада қамтылған және сақтандыру шартының мәтініне енгізілмеген талаптар, Тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

4.6. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оның телнұсқасын береді. Сақтандырушы сақтандыру шартының телнұсқасын бергені үшін, Сақтандырушының қолданыстағы тарифтеріне сәйкес соманы Сақтанушыдан өндіріп алуға құқығы бар, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берілген күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

5-бап. Сақтандыру шартына өзгерістер енгізу тәртібі, сақтандыру шартын тоқтату, мерзімінен бұрын тоқтату және жарамсыздығы

5.1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың бірінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар, Тараптардың жазбаша нысанда оларды енгізуге келісімі болған жағдайда жүргізіледі және сақтандыру шартына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімде көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе – Тараптар қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енді деп есептеледі.

5.3. Қағидада көрсетілмеген өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі Тараптардың келісімімен айқындалады.

5.4. Орналасқан жері өзгерген кезде Сақтанушы он күн мерзімде, Сақтандырушыға жаңа мекенжайы туралы хабарлауға міндетті. Кері жағдайда Сақтандырушының алдыңғы орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жолданған кез келген хат-хабарды, Тараптар орындаған (жарамды) болып саналады.

5.5. Сақтандыру шарты:

5.5.1. сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған;

5.5.2. сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған;

5.5.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасының мөлшерінде жүзеге асырған жағдайларда өз әрекетін тоқтатады.

5.6. Сақтандыру шартын тоқтату, кейіннен сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары болып танылған жазатайым оқиғалары бойынша, Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндетінен босатпайды.

Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген жағдайда, ол қолданыста болған кезеңде жазатайым оқиға орын алған, қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымы жүзеге асырады.

Бұл ретте:

еңбек жарақатының салдарынан қызметкер қайтыс болған немесе кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген кезде - жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға күні;

кәсіптік ауруды анықтау нәтижесінде қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген кезде – кәсіптік патология саласында мамандандырылған медициналық, сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының қорытынды күні жазатайым оқиға болған күн болып табылады.

5.7. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

5.8. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың негіздері мен салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

6-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Сақтанушы құқылы:

6.1.1. сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушыны таңдауға;

6.1.2. уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландырған кезде қатысуға;

6.1.3. өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ Пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғауға;

6.1.4. Сақтандырушыдан міндетті сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

6.1.5. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

6.1.6. Сақтандыру омбудсманына өтініш пен қоса берілген құжаттарды жіберуге (Сақтандыру омбудсманына тікелей, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы);

6.1.7. Қағиданың 17.2 - 17.4-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға, немесе Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге құқылы.

6.2. Сақтанушы міндетті:

6.2.1. сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасуға;

6.2.2. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын Сақтанушы, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркелген жағдайда, Сақтандырушымен электронды нысанда қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасуға электронды түрде өтініш беру;

6.2.3. Сақтанушы қызметін жүзеге асыруды бастаған айдан кейінгі айдың бірінші он күндігінің ішінде Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасуға;

6.2.4. сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сақтандыру бойынша өзінде бар барлық құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

6.2.5. қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіби тәуекел сыныбы өзгерген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

6.2.6. сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

6.2.7. жазатайым оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болғанда, дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

6.2.8. уәкілетті орган өкілдерінің және Сақтандырушының міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының орын алу мән-жайларын тексеруді қамтамасыз етуге;

6.2.9. сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеуге;

6.2.10. Сақтандырушыға сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін есептеу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;

6.2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден уақтылы өткізуді қамтамасыз етуге;

6.2.12. қызметкерлердің сақтандыру жағдайының алдындағы еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;

6.2.13. қызметкерлерді өндірістен қол үзбей еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне үйретуге;

6.2.14. жазатайым оқиғалардың алдын алу, ескерту және тергеп-тексеру мәселелері бойынша уәкілетті органның шешімдерін орындауға;

6.2.15. Сақтандырушыға өзінің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы туралы уақтылы хабарлауға;

6.2.16. сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайтуға шаралар қабылдауға;

6.2.17. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

6.2.18. Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген жағдайларда, қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаның пайдасына, Қызметкерді жазатайым оқиғадан міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде аннуитет шартын жасасуға.

Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

6.3. Сақтандырушы құқылы:

6.3.1. сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға;

6.3.2. уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландырған кезде қатысуға;

6.3.3. сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты тексеруге және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға сұратулар жіберуге;

6.3.4. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін Сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;

6.3.5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға;

6.3.6. сақтандыру жағдайларының алдын алу бойынша ұсыныстар жасауға;

6.3.7. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

6.3.8. зиян келтірген тұлғаға кері талап қоюға.

6.4. Сақтандырушы міндетті:

6.4.1. Сақтанушыны сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және сақтандыру шартынан туындайтын оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

- 6.4.2. сақтандыру жағдайы борын алған кезде Міндетті сақтандыру туралы заңға және сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеуді жүргізуге;
- 6.4.3. өз қызметінің нәтижесінде алынған Сақтанушы мен Пайда алушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 6.4.4. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қағиданың 13.2-тармағында көзделген барлық құжатта мен өтінішті алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, бас тартудың дәлелді негізделген себептерін жазбаша нысанда Пайда алушыға жіберуге;
- 6.4.5. Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарды өтеуге;
- 6.4.6. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарауға және бес жұмыс күні ішінде дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 6.4.7. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) Сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;
- 6.4.8. Міндетті сақтандыру туралы заңның 19-бабының 1-тармағында көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде, Пайда алушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 проценті мөлшерінде өсімақы төлеуге.

Сақтандырушы Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген жағдайларда, қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаның пайдасына, сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде аннуитет шартын жасасуға міндетті.

Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

6.5. Пайда алушы құқылы:

- 6.5.1. Сақтандыру қағидасы мен сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және талаптарда сақтандыру төлемін алуға;
- 6.5.2. Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғадан міндетті сақтандырудың талаптары туралы ақпаратты тегін алуға;
- 6.5.3. уәкілетті органға немесе сотқа сақтандыру жағдайын тексеру мәселелері бойынша шешімге шағымдануға;
- 6.5.4. медициналық-әлеуметтік сараптама сұрақтары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне хабарласуға;
- 6.5.5. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;
- 6.5.6. сақтандыру жағдайын тексеруге, оның ішінде қызметкерлердің өкілдерінің немесе өзінің сенім білдірген адамының қатысуына;
- 6.5.7. Қағиданың 17.2 - 17.4-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға, немесе Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 6.5.8. Сақтандыру омбудсманына өтініш пен қоса берілген құжаттарды жіберуге (Сақтандыру омбудсманына тікелей, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы).

7-бап. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі

- 7.1. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартымен белгіленеді, бірақ сақтандыру шартын жасасу кезінде, қызметкерлердің барлығына еңбекақы төлеудің жылдық қорынан кем болмауға тиіс.
- 7.2. Сақтандыру сомасы Қағиданың 12-бабына сәйкес көзделген сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемдері) және (немесе) жерлеуге арналған шығыстар мөлшерінің сомасына азайтылады.
- 7.3. Сақтандыру сомасы қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жылдық қоры өзгерген жағдайда өзгеруі мүмкін.

8-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және сақтандыру шарты бойынша оны төлеу тәртібі

8.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген, Қағиданың 8.2-тармағында белгіленген сақтандыру тарифінің негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

Сақтанушы еңбекке ақы төлеудің жылдық қорын анықтаған кезде, әрбір қызметкердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының он еселенген ең төменгі мөлшерінен аспайтын, он екі еселенген ең төменгі жалақы мөлшеріне көбейтілген ай сайынғы табысын қолданады.

Егер сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде еңбекке ақы төлеу қоры және (немесе) қызметкерлердің штат саны өзгерсе, онда тараптардың келісімі бойынша, сақтандыру шартының қолданылу кезеңіне қосымша келісім жасасу жолымен сақтандыру шартына өзгерістер (сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысы мөлшері бөлігінде) енгізіледі. Сақтандыру сыйлықақысы еңбекке ақы төлеу қорының өзгеру сомасы мен негізгі шарт аяқталғанға дейін қалған мерзім негізге алына отырып есептеледі. Сақтандыру тарифі сақтандыру шарты жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне барабар есептеледі.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын Сақтанушы, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркелген жағдайда Сақтандырушымен электронды нысанда сақтандыру шартын жасасуға электронды түрде өтініш берген жағдайда, жылдық еңбекақы төлеу қоры Сақтанушының өтініште көрсеткен деректерді негізге ала отырып айқындалады.

8.2. Кәсіптік тәуекел сыныбына байланысты экономикалық қызмет түрлері бойынша сараланған сақтандыру тарифтері:

Кәсіптік тәуекел сыныбы	Сақтандыру тарифі
1	0,12%
2	0,29%
3	0,48%
4	0,49%
5	0,52%
6	0,53%
7	0,54%
8	0,65%
9	0,56%
10	0,88%
11	0,75%
12	0,76%
13	1,29%
14	1,55%
15	1,13%
16	1,17%
17	1,21%
18	2,43%
19	1,75%
20	2,05%
21	2,54%
22	2,96%

8.3. Қағиданың 8.1-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болған жағдайда, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының ең төменгі жалақының мөлшерін құрайды. Бұл ретте сақтандыру сомасы сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің ұлғаюына барабар ұлғаяды.

8.4. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Сақтанушы экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол, қызметінің негізгі түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылуға тиіс. Сақтанушы өндірістің жалпы көлемінде біркелкі бөлінген экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің анағұрлым жоғары сыныбына сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуы тиіс.

Сақтанушының, Сақтанушыдан өзге қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болған жағдайда, онда ол, оның кәсіптік тәуекелінің сыныбына сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуы тиіс.

Бұл ретте филиалдың (филиалдардың) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растамасы болуы тиіс.

8.5. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы немесе бөліп төлеу тәртібімен және сақтандыру шартында көзделген мерзімдерде жүргізеді. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

8.6. Сақтандыру шартының қолданылуы ішінде қызметкердің кәсіптік тәуекелінің сыныбы өзгерген жағдайда, сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге барабар қайта есептелуге жатады.

9-бап. Сақтандыру сыйлықақысына түзету коэффициенті

9.1. Егер сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушының кінәсінен орын алса (болса), онда Міндетті сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы түзету коэффициентіне көбейтіледі.

9.2. Түзету коэффициенті, сақтандыру шартын жасасқан күннің алдындағы соңғы бес жыл ішіндегі зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық саны және сақтандыру шартын жасасқан күнгі Сақтанушы қызметкерлерінің тиісті жалпы саны негізінде айқындалады. Түзету коэффициенттерінің мәні мынадай мөлшерлерде қолданылады:

Зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық саны	Қызметкерлердің жалпы саны					
	100 дейін	101-ден 500 дейін	501-ден 1000 дейін	1 001-ден 10 000 дейін	10 001-ден 20 000 дейін	20 000 астам
от 2 до 9	3	2	1,75	1	1	1
от 10 до 19	3,4	3,2	3	2,5	1,25	1,1
от 20 до 49	3,8	3,3	3,2	2,75	2,4	1,25
от 50 до 99	4	3,5	3,3	3	3,1	1,5
от 100 до 199		3,6	3,5	3,4	3	2
от 200 до 299		4	3,75	3,5	3,2	3
от 300 и более			4	3,8	3,6	3,5

9.3. Сақтанушының, Сақтанушыдан өзге қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болған жағдайда, түзету коэффициенті, барлық зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық санын және Сақтанушы мен оның филиалының (филиалдарының) қызметкерлерінің жалпы санын ескере отырып есептеледі.

9.4. Зардап шеккен қызметкерлердің санын есептеу үшін, қызметкерге 30-дан 100 пайызға дейін кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан жазатайым оқиғалардың саны немесе оның қайтыс болуы ескеріледі.

9.5. Түзету коэффициентін қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

9.6. Сақтандыру шарты жасалған күннің алдындағы соңғы бес жыл ішінде сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Сақтандырушы түзету коэффициенттерін «Сақтандыру қызметі туралы»

Қазақстан Республикасы Заңының 52-1-бабының 1-тармағында көзделген тәуекелдерді басқару және андеррайтинг жөніндегі Сақтандырушының ішкі саясатына сәйкес, дербес айқындауға құқылы. Бұл ретте осындай сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтерін есептеу Міндетті сақтандыру туралы заңның 17-бабына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін негізге ала отырып жүзеге асырылады.

10-бап. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін айқындау

10.1. Қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсері нәтижесінде орын алған, салдарынан қызметкердің өндірістік жарақат алуы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы, Қағиданың 11-бабында көзделген жағдайларда оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге немесе қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиға сақтандыру жағдайы болып саналады.

10.2. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян, қызметкердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне байланысты зиянды қоспағанда, оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге немесе оның қайтыс болуына байланысты зиянның материалдық көрінісін қамтиды.

10.3. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері Қағидаға сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде анықталады.

11-бап. Сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайлары (сақтандыру шартының қолданылу орны)

11.1. Қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге немесе оның қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиға мән-жайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 2-тармағында көзделген.

12-бап. Зиянның мөлшерін айқындау тәртібі. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

12.1. Қызметкердің қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты табысты (кірісті) жоғалтуға қатысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.

12.2. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін қоса алғанда бес пайыздан жиырма тоғыз пайызға дейін белгілеуге байланысты оның табысын (табысын) жоғалтуына байланысты зиянды өтеуді Сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

12.3. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін отыздан бір жүз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін сақтандырушы жүзеге асырады.

12.4. Өтеуге жататын жоғалтылған табысты (кірісті) есептеу үшін ескерілетін орташа айлық табыстың (кірістің) мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу күні тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды.

12.5. Сақтандыру төлемінің мөлшері еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлем шегеріліп жүзеге асырылады.

12.6. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жылдан аспайтын мерзімге белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін Сақтандырушы ай сайын аннуитет шарты негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, Сақтандырушы бірінші сақтандыру төлемін Қағиданың 13.2.2-тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

12.7. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жыл және одан да көп мерзімге белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі Қағиданың 15-бабына сәйкес, Сақтанушымен жасалған аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең, бірақ қызметкердің Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуі мерзімінен аспайтын мерзім бойы қызметкердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

12.8. Табысты (кірісті) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

12.9. Жазатайым оқиға болған кезде қызметкердің қайтыс болуына байланысты, сондай-ақ орын алған жазатайым оқиғаның салдарынан оның денсаулығының нашарлау себебі бойынша зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтету құқығы бар тұлғалардың пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мерзім бойы жүзеге асырылады.

12.10. Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген жағдайларда, Пайда алушылар болып табылатын өзге де тұлғалардың сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.

12.11. Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

12.12. Өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған заңды тұлға таратылған жағдайда, зардап шеккен қызметкермен немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес құқығы бар адаммен Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген тәртіппен аннуитет шарты жасалады.

12.13. Сақтандырушы қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді осы шығыстарды шеккен қызметкер немесе тұлға ұсынған, осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін шығыстар сақтандырушының өтеуіне жатпайды.

12.14. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерінің жиынтық мөлшері мынадай мөлшерлерден (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштерде) аспауға тиіс:

12.14.1. кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі отыздан елу тоғыз пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 500;

12.14.2. кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі алпыстан сексен тоғыз пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 750;

12.14.3. кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі тоқсаннан бір жүз пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 1000.

12.15. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы осы шығыстарды шеккен қызметкер не тұлға осы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде, Қағиданың 12.4-тармағында белгіленген мөлшерлер шегінде жүзеге асырады.

12.16. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу бойынша жиынтық сақтандыру төлемдерін сақтандырушы Қағиданың 12.14-тармағында айқындалған мөлшерлер шегінде, кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың тиісті бастапқы белгіленген дәрежесі бойынша жүзеге асырады.

12.17. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған жағдайда, оны жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға Сақтандырушы жерлеуге жұмсалған шығыстарды бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

12.18. Егер осы бапта көзделген сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстардың мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті

сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып түскен жағдайда, айырма Сақтандырушыға Сақтанушының есебінен төленеді.

12.19. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар Сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

13-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы талаптары (Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті, сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттар тізбесі және залалдың мөлшері)

13.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болғанда), сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, алу тәртібін көрсетіп, жазбаша нысанда қояды.

13.2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

13.2.1. кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда:

- сақтандыру шартының көшірмесі;
- жазатайым оқиға туралы акт;
- зардап шеккен қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;
- көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждығы туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі анықтамасының көшірмесі;
- емделуге нақты жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттар (шот-фактура, кассалық чек және т.б.);
- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда тағайындаған әлеуметтік төлемнің мөлшері туралы немесе оны тағайындаудан бас тарту туралы анықтамасының көшірмесі;
- кәсіптік патология саласында мамандандырылған медициналық және сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы берген кәсіби аурудың болуын растайтын құжаттың көшірмесі;
- зардап шеккен қызметкердің жұмыс істеген, бірақ он екі айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын, жұмыс беруші растаған құжаттың көшірмесі;

13.2.2. қызметкер қайтыс болған жағдайда:

- сақтандыру шартының көшірмесі;
- жазатайым оқиға туралы акт;
- қызметкердің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- қызметкер қайтыс болған жағдайда Пайда алушының зиянды өтетуге құқығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- қайтыс болған қызметкер жұмыс істеген, бірақ он екі айдан аспайтын кезең үшін жалақы мөлшерін растайтын, жұмыс беруші растаған құжаттың көшірмесі;

13.2.3. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (сақтандырылушының) шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар, олар болған кезде.

Сақтандырушының Сақтанушыдан немесе Пайда алушыдан басқа қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

13.3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті.

Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің оны алғандығы туралы белгі соғылып, Сақтандырушыда қалады.

Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға Қағиданың 13.2-тармағында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы оларды жетіспейтін құжаттар туралы үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

13.4. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқылы адам), сондай-ақ Сақтанушы немесе Пайда алушыға (зиянды өтетуге құқылы адамға) келтірілген зиянды осы Міндетті сақтандыру туралы заңда белгіленген Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға Пайда алушы болып табылады.

13.5. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде Сақтандырушының Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

14-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздемесі (сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар)

14.1. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 3-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

14.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартқан кезде Сақтанушы сотқа шағым жасауы мүмкін.

15-бап. Аннуитет шартын жасасу

15.1. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) не ол қайтыс болған жағдайда, Сақтанушы Қағиданың 12-бабының талаптарын ескере отырып, қызметкердің пайдасына немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құқығы бар адамның пайдасына, жұмыс беруші таңдаған, аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен аннуитет шартын жасасуға міндетті.

15.2. Аннуитет шарты Қағиданың 13.2-тармағында көзделген құжаттарды табыс еткен күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

15.3. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқық алған тұлғалардың, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгілеген мөлшерде және мерзімдерде кіріс алуын қамтамасыз ететін шарттармен жасалады. Аннуитет шарты, қолданылуы кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушымен жасалады.

15.4. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Пайда алушыға төленуге жатпайды.

15.5. Аннуитет шартына қойылатын талаптар және Сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

16-бап. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін анықтауға куәландырудың тәртібі

16.1. Қызметкердің (қызметкерлердің) еңбекке қабілеттілігін бір күннен астам жоғалтуына әкеп соққан әрбір жазатайым оқиға, медициналық қорытындыға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жазатайым оқиға туралы актімен ресімделеді.

16.2. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыруды уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Сақтанушының, Сақтандырушының немесе қызметкердің өтініші бойынша немесе сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді. Денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы және жазатайым оқиға туралы акт куәландыру үшін негіз болып табылады.

Қызметкерді жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыру, сондай-ақ қосымша көмек пен күтім түрлеріне мұқтаждықты айқындау Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіптік аурулар тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

17-бап. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері. Қосымша талаптар

17.1. Сақтандыру шарты бойынша туындайтын даулар келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

17.2. Дау болған жағдайда, Сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда, Сақтанушы (Пайда алушы):

17.2.1. Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберуге немесе,

17.2.2. сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін Сақтандыру омбудсманына (тікелей Сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.

17.3. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде, оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауапты ұсынады.

17.4. Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), Сақтандыру омбудсманының сұратуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды, сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

17.5. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Қағида мен сақтандыру шартының талаптары әртүрлі оқылған жағдайда, Қағида басым күшке ие болады.

17.6. Қағида және сақтандыру шартымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.